

The implementation of new economic programs, including those covering the issues of industrialization and the development of digital technology, requires trained professional personnel. And the improvement of education is a prerequisite. The spread of English, on the one hand, as an international language of communication, and on the other - the main language of modern information technologies, is of particular importance. Its promotion will contribute to a deeper integration of the republic into global digital technologies. [6, p.2]

In general, the realization of the goals and objectives of the third modernization as a strategic interest of the country is that both routine performance discipline and high professionalism, non-standard approaches, the ability to take responsibility from both government departments and the business sector are important.

The President was instructed to develop such promising industries in the country as 3D printing, online trading, mobile banking, digital services, including in healthcare and education, and others. These industries have already changed the structure of the economies of developed countries and have given a new quality to traditional industries and the Digital Kazakhstan program. [6, p.7]

Summing up, I want to say with confidence that Kazakhstan is at the present stage, in a situation of searching for a development model that would allow it to increase its economic potential, successfully complete modernization and become one of the 30 developed countries of the world by 2050. We are confidently moving towards this goal.

REFERENCES:

1. Kasymbekov M.B. Factors of the effectiveness of the institution of the presidency in the countries of catching up modernization. / Problems of market transformation in the economic space. Of the Republic of Kazakhstan. 2020.-255c.
2. Nazarbayev N.A. Kazakhstan-2030. Prosperity, security and improvement of the well-being of all Kazakhstanis. The message of the President of the country to the people of Kazakhstan. - Almaty: Bilim, 1997. - 256c.
3. National security: the results of the decade. - Astana, 2020. 421c.
4. <https://ipksko.kz>
5. <https://strategy2050.kz>
6. <https://zakon.kz>

ӘОЖ 94.547

<https://doi.org/10.53355/c3290-1848-4124-m>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Абдильдинова Л.Б., гуманитарлық ғылымдар жоғарғы мектебінің оқытушы-дәріскері
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: lashyn_aidar@mail.ru

Мақалада Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жылдары қарастырылған. Оқу-ағарту ісінде, оқулықтар жасауда, әліппе, емле мәселелерімен қатар мәдениет пен әдебиет саласында, қоғамдық өмірде әлеуметтік мәні бар істермен айналысып, қазақ халқының саяси-мәдени жағынан дамуына үлесін қосқан Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жолына арналған.

Тірек сөздер: *Алаш арысы, мемлекет қайраткері, қазақ тілі, араб жазуы, қазақ әліпбиі, «Байтұрсынов әліпбиі».*

В статье рассмотрены годы жизни и общественно-политической деятельности Ахмета Байтұрсынұлы. Внесшего вклад в политико-культурное развитие казахского

народа, занимающегося социально значимыми делами в общественной жизни, в области литературы и культуры, наряду с вопросами алфавита, правописания, в учебно-просветительском деле, в создании учебников.

Ключевые слова: Алаш арысы, государственный деятель, казахский язык, арабская письменность, казахский алфавит, «алфавит Байтурсынова».

The article examines the years of life and socio-political activity of Akhmet Baitursynuly. Who contributed to the political and cultural development of the Kazakh people, engaged in socially significant affairs in public life, in the field of literature and culture, along with the alphabet, spelling, educational work, in the creation of textbooks.

Key words: Alash arysy, statesman, Kazakh language, Arabic script, Kazakh alphabet, "Baitursynov alphabet".

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке араласа жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ Халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда ҚазМУ-дің ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. Ф.И. Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен Байтұрсынұлыға «1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшіл ұйымының басшысы Валидовпен байланыста болды, 1927 жылы қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатынасты» деген айыптар тағылып, РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 2, 4 және 11 тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді.

Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926 ж.) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады... Ол – қазақ ғылыми тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924 ж.), Түркітанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926 ж.) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады [1].

Қаламгер оқу-ағарту ісі, оқулықтар жасау, әліппе, емле мәселелерімен қатар мәдениет пен әдебиет саласында, қоғамдық өмірде әлеуметтік мәні бар істермен айналысып, көп нәрселерге ұйтқы болды. Тереңнен ой қозғап, байсалды пікірлер айтты. А. Байтұрсынұлының бел шешіп кіріскен жұмысы көпшілік тарапынан қолдау тауып, оның қайраткерлік, ғалымдық, ағартушылық қызметтері мен дарыны, таланты өз заманында аса

жоғары бағаланып, мойындалды. Оның көптеген өзекті мәселелердің ішінен бөліп-жарып бірінші кезекке қойғаны жазу, оқу мәселесі болатын. А. Байтұрсынов жазудың адам өміріндегі маңызын түсіне келіп, қоғамның дамуы да, ғылым мен мәдениеттің өркендеуі де, техниканың алға басуы да жазуға, әріп меңгеруге, оқу-білімге байланысты екенін білді [2].

Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды. Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады. «Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден алған әліпби. Европа жұрттарының тұтынған әліпбиінің түбі көне семит әліпбиі... Түркі әліпбиінің түбі де көне семит әліпбиі, олардае куфалықтар алған. Куфалықтардан араб өз тіліне үйлестіріп алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған». А. Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек: жақсы әліпби тілге шақ болу керек; Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады; әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ [3].

А. Байтұрсынов қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Ауыл мектептерінде мұғалім бола жүріп, сол кезде ол көп нәрсені көңілге түйіп, көп нәрсені арман қылды. Ол қараңғы халықтың сауатсыздығын жою мақсатымен айналысып, сол мақсатты іске асыру жолында оған қажетті жайларды қарастырады, жанжақты ойластырады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын. Сондықтан, ол оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ол үшін ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолданылу ретін, жұмсалыу орнын анықтауды мақсат етеді. Екінші орынға оқыту жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық, т. б. мәселелерді қояды. Шамамен 1910 жылдан бастап, араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін жайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылғы «Қазақтың» № 35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» деген мақаласында А. Байтұрсынов дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтты. Ол өзінің айтқан пікірлерін Ғ. Мұса мырзаның айтқан пікірімен салыстыра отырып, араб графикасы негізіндегі қазақ жазуында о, у, ы, е әріптерінің қалай таңбалануы жөнінде өз концепциясын ұсынады [4].

Араб жазуын қазақ тіліне лайықтап өзгерту үшін оған мынадай өзгерістер енгізу керек дейді.

1. Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді.

2. Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады.

3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу.

Аталған мақаласында Ахмет Байтұрсынов қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жазылу ретін, орнын, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсетеді. Араб жазуының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтін тұстарын, басы артық әріптерін алып тастау керектігін тәптіштеп түсіндіреді. Сондай-ақ ол араб жазуын мүлдем алып тастап, басқа алфавитті алуға қарсылығын білдіреді [5].

А. Байтұрсыновтың әріп өзгертудегі, алфавитке реформа жасаудағы бұл жаңалығы сол кездегі зиялы қауым арасында да пікірталас туғызады. Мерзімді баспасөз беттерінде

оның алфавитті өзгертудегі, жаңалық енгізудегі еңбегін бірі қолдап, бірі қарсы шығып, айтыс ұйымдастырды. Сондай мақалалардың бірі 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланды. А. Күзембаев, А. Иманбеков, Ғ. Тоқтарбеков сияқты азаматтар «Емле хақында» деген мақалада тіліміздің қажетін өтейтін әріптің жоқтығын айта келіп, бұл кемшіліктің орнын Ахмет Байтұрсынов толықтырғанын айтады. Оның еңбегінің мәнін, маңызын сөз ете отырып, былай дейді: «Байтұрсынов Ахмет мырзаның жазған әліппе оқу құралы дұрыс кітап қылып, оқытуға әбден жарайтын келіскен деп білдік. Ол мырзаның түзетіп шығарған белгілерінің кейбіреулері, біздің ойымызша, артық. Кейбіреулері кем болатын көрінеді». Сөйтіп олар өз ойларын айтып, бірқатар ұсыныстар жасайды. Бұл авторлардың ойынша, дәйекшенің керегі жоқ, себебі, сөздің жуан, жіңішкелігі сол сөздің ішіндегі дауысты дыбысқа байланысты болады.

Сонымен, 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тіліне ықшамдап өзгерту жорлында еңбек еткен ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың әр жылдары жазған мақалалары мен оқулықтарын талдаған кезімізде оның араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай етіп өзгерткенін, араб жазуында жоқ әріптердің таңбасын өзі ойлап тапқанын көреміз. Мұндағы А. Байтұрсыновтың жетістігі қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай бөлінуін дәл белгілеп, әрбір дауысты дыбысқа арнап арнайы таңба белгілеуінде. Сонымен, оның араб графикасы негізінде жасаған алфавитінде 24 әріп бар. Осы 24 әріптің ішінен 16 таңба дайын күйінде алынған. 8 таңбаны өзі қосқан [6].

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов жасаған араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуы елімізде 1929 жылға дейін қолданылып келді. Ал басқа Ауғаныстан, Иран, Қытай, т. б. мемлекеттерде тұратын қазақ бауырларымыз күні бүгінге дейін осы жазуды пайдаланып келеді. Байтұрсынов графикасының таза араб жазуынан басты айырмашылығы ондағы дыбыстар созылыңқы, қысқа деп бөлінбестен, әрқайсысы жеке әрі түрінде таңбаланады. Бұл графикада сол сияқты характертер, ташдид, сукун, уасла, таниун белгілері жоқ. Егер сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келсе, екі рет қайталанып жазылады. А. Байтұрсыновтың алфавитке кіргізген бұл өзгерістері алфавитті көп жеңілдетті, оқуға, жазуға, көп оғай болды [7].

«Байтұрсынов әліпбиі» туралы Ж.Қ. Тойшыбекова: «1912 жылы А. Байтұрсынов қазақ тіліне қолайсыз таза араб әріпін спецификалық қазақ дыбыстарын білдіре алатын әріптермен алмастыру арқылы алфавит құрастырып, оны «Жаңа емле» [8] – деп жазады. Профессор Е.Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» атты мақаласында А. Байтұрсыновтың араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалады. Бұл жобада араб алфавитіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір таңбаларды алып тастау, қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у дыбыстарының әрқайсысына жеке таңбалар алу ұсынылды. Жобадағы тағы бір ерекшелік – түрік тіліне тән сингормонизм заңдылығын мейлінше пайдалану. Сөйтіп, Ақаң жөндеген жаңа қазақ алфавитінде бас-аяғы 24 әріп таңбасы болып шығады [2].

А. Байтұрсынұлының қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. Осы алфавитпен «Қазақ» газеті (1913-1919), көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды. Алайда бұл алфавит ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды [5].

XIX-XX ғасырларда оқу-ағарту саласының 2 түрлі бағытта болуына байланысты (медреселер, орыс-қазақ мектептері) әліппелер де араб және орыс әліпбиімен жазылды. Қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864 ж.), «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы» (Орынбор, 1871 ж.) оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрді. Алайда «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліппе емес, оқу мен жазуды меңгерген балалардың алған білімі мен дүниетанымын дамытуды көздейтін оқулық еді. Бұдан кейін А. Е. Алекторовтың, А.В.Васильевтің әліппелері жарық көрді. Олар екі бөлімнен (қазақша және орысша) тұрды. Оның авторлары

К.Д.Ушинскийдің басқа ұлт балалары орыс тілін саналы меңгеру үшін өзінің ана тілінде санат ашуы қажет деген қағидасын ұстанды. Бірақ қолданылған әліппелер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгелдей бере алмады. XX ғасыр басында халқының сол кездегі тарихына ой жіберіп, болашағын парасатпен бағдарлай алатын қазақ зиялылар қауымы өсіп-жетілді. Олар халықты сауаттандырып, өркениетті ел қатарына қосуға күш салды [7].

1925 жылы А. Байтұрсынов әдістемелік жаңалықтарды ескере отырып, қазақ бастауыш мектептеріне арналған «Жаңа Әліпбиді» ұсынды. Оқулық өз заманына лайық «Әліппе» жасау ісінің озық үлгісі болды. Әліппеде сауат ашумен бірге балалардың ойы мен тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру мәселелері дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан жетік шешімін тапты. «Жаңа Әліпбиге»: а) баланың өз атынан баяндалатын мектеп өмірі жайлы әңгімелер; ә) балаларды адамгершілікке, ізгілікке, тазалыққа тәрбиелейтін әңгімелер мол енгізілді. Жалпы, А.Байтұрсынов отандық білім беру ісі тарихында оқушылардың ойы мен байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысына зор мән берген, осы мақсатқа жетудің жолын нақты тәжірибе жүзінде дәлелдеген алғашқы қазақ ғалымы болды. Саяси себептердің салдарынан «Жаңа Әліпби» 20-жылдардың аяғына дейін қолданылды. Мұнан кейін Т. Шонановтың «Жаңалық» (Әліппе, Қызылорда, 1929) және Т. Шонанов пен М. Жолдыбаевтың «Жаңа арна» (Қызылорда, 1927) әліппелері жарық көрді [8].

Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұңғыш оқу құралын жазғанымен өлшенбесе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде. «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды...Яғни қазақ сөзінің қисынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатын ашып, дағдыланған абзал». Ғалым мұны көрегендікпен айтқан-ау. Қазіргі таңдағы тілдік жағдай бұған толық көзімізді жеткізіп отыр [3] – деп баға береді А.Б. Салқынбай.

А. Байтұрсынов халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912 ж.) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. «Тіл құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 ж., морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл құрал» - қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынов практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы.

1923 жылы А. Байтұрсыновтың 50-жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Байтұрсынов туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хүкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынов тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан

М.Баталов пен М. Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Байтұрсыновтың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Байтұрсынов есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н. Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974 ж.) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді [5].

Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде де бүгінгі күні де зор бағаға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Мүбарак, Байтұрсынұлы Ахмет (1873-1938 жж.) [//https://qazaqtimes.com/article/2766](https://qazaqtimes.com/article/2766) - 2017 ж.
2. А.Д.Малдыбай. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы// <https://articlekz.com/kk/article/22571> – 2011 ж.
3. «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл//<https://anatili.kazgazeta.kz/news/10394> – 2012 ж.
4. Әліппе//<https://ulagat.com/2019/12/11/әліппе/> - 2019 ж.
5. А.Ж. Досанова. Қазақстандағы сауат ашу оқулықтары және олардың әдістемелік негіздерінің тарихы//http://www.rusnauka.com/44_NIOBG_2016/Pedagogica/3_219657.doc.htm
6. А. Байтұрсынұлы мұрасы//<https://tbi.kz/a-baitursynuly>
7. Тіл құралы – қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған құбылыс// <https://zharar.kz/id/8967>
8. Қазақ зиялыларының қалыптасуы: А. Байтұрсынов білімі, қызметі, шығармашылығы//<https://melimde.com/1azastanni-azirgi-zaman-tarihi-peni-masattari-men-mindetteri.html?page=11>

ӘОЖ 811.512.122.373

<https://doi.org/10.53355/h8074-7077-7997-n>

А. БАЙТУРСЫНОВ БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЖАҢАНДЫҚ ДАМУҒА ҰМТЫЛЫСЫ

Абикенова Г.Е., тарих ғылымдарының кандидаты., қауымдастырлыған профессор
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы

E-mail: agulzhazira@mail.ru

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының қоғамға, саясат пен мәдениетке, білімге қосқан үлестері қарастырылған. Олардың осы жолдағы қоғам-саяси қызметі мақалада жан-жақты қарастырылды.

Тірек сөздер: тіл, отаршыл саясат, «Қазақ» газеті, ұлт зиялылары, ұлттық жазу

В статье рассматривается вклад казахской интеллигенции во главе с Ахметом Байтұрсыновым в общество, политику, культуру, образование. Их общественно-политическая деятельность на этом пути была всесторонне рассмотрена в статье.

Ключевые слова: язык, колониальная политика, газета «Казах», интеллигенция нации, национальное письмо